

# Виртуалды көрме



**Көпбаев Темірғали  
Мұратбекұлы – 60 жыл**



**Аңсары биік – ақын, журналист, ғалым, баспагер. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Халықаралық «Ұлы Жібек Жолы» қоғамдық Қоры тағайындаған Халықаралық «Азамат» сыйлығының лауреаты.**

## ӨМІРБАЯНЫ

- 1962 жылдың 7-ақпанында Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданында дүниеге келген.
- 1970 жылы Аққұм ауылындағы Құрас Тыныбеков атындағы орта мектептің 1 сыныбына барды.
- 1976-1978 оқу жылдарында Түркістан қаласындағы Саттар Ерубасев атындағы № 7 сегізжылдық мектеп-интернатта оқыды.
- 1980 жылы Аққұм ауылындағы Құрас Тыныбеков атындағы орта мектепті бітірді.
- Темірғали Көпбаев өлең жазуды мектеп қабырғасында 6-сыныптан бастаған.
- «Құстар мерекесі» атты алғашқы өлеңі 1977 жылы 7-сыныпта оқып жүргенде Түркістан аудандық «Коммунистік еңбек» газетінде жарық көрді. Сол кезден бастап оның мектеп тақырыбына жазған өлеңдері мен шағын мақалалары республикалық «Қазақстан пионері (қазіргі «Ұлан»), «Оңтүстік Қазақстан», Ленгір (қазіргі Төлеби) аудандық «Ильич жолы» (қазіргі «Төлеби туы) газеттерінде жарияланып жүрді.
- 1980-1982 жылдары Украинаның Сумы облысына қарасты Ахтырка қаласында Кеңес Әскерінің қатарында қызмет етті (Стратегиялық мақсаттағы зымырандар әскері).
- 1982-1984 жылдары Алматы темір жолының Шымкент бөліміне қарасты Ленгір темір жол стансасында вокзал кезекшісі болып қызмет атқарды.
- 1984 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінің күндізгі бөліміне оқуға түсті.



## ЖУРНАЛИСТ-ПУБЛИЦИСТ

- ✓ Баспасөз саласындағы қаламгерлік қызметін 1985 жылы республикалық «Қазақстан пионері (қазіргі «Ұлан») газетінің тілшісі ретінде бастаған. Газеттің сол кездегі бас редакторы бүгінгі белгілі қоғам қайраткері Уәлихан Қалижановтың қарамағында жұмыс істеп, тәлім алды.
- ✓ 1986 жылы шілде айында Ленгір (қазіргі Төлеби) аудандық «Ильич жолы» (қазіргі «Төлеби туы) газетіне тілші болып барды. Аудан халқының тұрмыс-тіршілігі, күнделікті тынысы туралы көптеген мақалалар жазды. Мәдениет және әдебиет бөлімінің меңгерушісі ретінде газеттегі әдеби айдарлар мен сенбілік беттерді оқырман қызығарлықтай етіп жаңаша ұйымдастырды.

- ✓ Жас талаптардың талант көзін ашу мақсатында 1988 жылы газет жанынан «Ақ қайнар» әдеби бірлестігін ашып, қолына қалам ұстаған жастарды ынталандырып, ауыл-ауылдарда жергілікті қаламгерлермен көптеген кездесулер өткізді.
- ✓ 1989 жылы халық ақыны Қазанғап Байболовтың республика көлемінде аталып өткен 100 жылдық мерейтойының жоғары деңгейде өтуіне ерекше атсалысып, облыстық, аудандық газеттердің бетінде ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы көлемді мақалалар мен очерктер жариялады.
- ✓ Т. Көпбаев кейінірек аудандық газеттің партия тұрмысы бөлімін басқарды.
- ✓ Газет редакторының орынбасары болды, оқылымды болуына зор үлес қосты.

- 1990 жылдың күзінде Темірғали Көпбаев, Алматыдағы әдеби ортаға қайта оралып, «Қазақ университеті» баспасына редакторлық қызметке орналасты. Белгілі жазушы Серік Әбдірайымов басқаратын бұл баспа Темірғалидың журналистік шеберлігін шындай түсті. Еліміздегі жоғары оқу орындарына қазақ тіліндегі оқулықтар жетіспей жатқан тұста аталған баспа сол олқылықтың орнын толтыруға қызмет етті.
- Жетекші редактор Т. Көпбаев көптеген ғалымдардың оқулықтары мен ғылыми монографияларын өз сүзгісінен өткізді. Ауыз толтырып айтарлықтай рецензиялар жазды. Олардың арасында заңғар ғалымдар Зейнолла Қабдоловтың «Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері», Әуелбек Қоңыратбаевтың «Көне мәдениет жазбалары», Әбдімәлік Нысанбаевтың «Адамға қарай бет бұрсақ», Темірбек Қожакеевтің «Көк-сеңгірлер», Балтабай Әбдіғазиевтің «Асыл арналар», Намазалы Омашұлының «Қазақ радиожурналистикасы» т. б. соқталы еңбектері бар.
- 1992 жылы талантты ақын Ұлықбек Есдәулетовтің шақыруымен республикалық әдеби-қоғамдық «Жас қазақ» апталығына ауысқан Т. Көпбаев газеттің бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы болды. Бұл басылымда әдебиет пен мәдениетке байланысты көптеген мақалалары жарық көрді. Қаламы қарымды журналист бүгінгі күнге дейін республикалық басылым беттерінде қоғамдағы өзекті мәселелер туралы ой қозғап келеді.

## ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА

Темірғали Көпбаев 1994 жылдың басында арнайы шақырумен Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті журналистика факультетінің радиожурналистика кафедрасына аға оқытушы болып жұмысқа алынады. Осы кезден бастап ол журналистиканың теориясы мен негіздеріне байланысты ғылыми зерттеу еңбегімен айналысты. Елімізге кеңінен танымал радиотеоретик ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашевтің ғылыми жетекшілік етуімен қазақ радиосы әдеби-драмалық хабарларының тарихы мен тәжірибесін, бүгінгі ахуалын зерттеді.

1998 жылдың 30-маусымында ҚазҰУ-дағы диссертациялық кеңесте «Қазақ радиодраматургиясының табиғаты мен ұлттық сипаты» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Ғалымның бұл еңбегі кейін ғылыми монография болып шығады. Аталған еңбекте 90 жылдық тарихы бар қазақ радиодраматургиясының туындылары түрлі салаларға, тарихы нақты кезеңдерге жіктеліп ғылыми талдауға негіз болған. Зерттеудің тағы бір ерекшелігі – мұнда радиодраматургия әртүрлі бағыттарда, атап айтқанда, тарих, өнертану, эстетика, лингвистика, психология және әлеуметтану ғылымдарымен ұштастыра қарастырылады. Радиоағы дыбыс өнерінің қыры мен сырын ғылыми негізде зерделеген бұл еңбек телеарналар мен радиоарналар жүргізушілері мен тілшілері үшін, сондай-ақ республикамыздың жоғары оқу орындарында журналистика мамандығы бойынша білім алатын студенттер мен журналистика, драматургия теориясын зерттеуші ғалымдар үшін аса қажет.

Темірғали Көпбаев дарынды лекторлығымен қатар жүздеген шәкірттердің жүрегінен орын алған ұлағатты ұстаз. Ол журналистика факультетінің студенттері үшін «Радиожурналистика негіздері», «Журналистің сөйлеу мәдениеті», «Журналистикадағы полемика өнері», «Шешендік өнер негіздері», «Әдеби-драмалық хабарлардың ерекшеліктері» т. б. негізгі пәндер бойынша лекциялар оқыды.

1999 жылы тәжірибе алмасу бағдарламасы бойынша АҚШ-тың Оклахома мемлекеттік университетінде бір семестрлік профессорлық тәжірибеден өтті. Бұл университетте журналистік білім беру проблемаларымен қатар қашықтықтан оқыту әдісінің де ерекшеліктерін зерттеді. Зерттеу нәтижесінде бірнеше ғылыми мақалалар жазды. Осы жылдың сәуір айында Лас Вегас қаласында өткен NAB-тың (Хабар тарату жөніндегі ұлттық ассоциация) халықаралық конференциясына қатысты.

1998 - 2000 жылдары ҚазҰУ-дағы ғылыми-диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Бірнеше кандидаттық диссертацияға оппонент болып тағайындалды.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Журналистика факультеті

УДК 070(574)

Қолжазба кукында

Көпбаев Темірғали Мұратбекұлы

ҚАЗАҚ РАДИОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ МЕН  
ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

мамандығы: 10.01.10 - журналистика

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін  
алу үшін дайындалған  
ДИССЕРТАЦИЯ

Ғылыми жетекшісі:  
филология ғылымдарының

докторы, профессор

Омашев Н.О.

Қазақстан Республикасы

Алматы

1998

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....3

### I-ТАРАУ

РАДИОДРАМАТУРГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ  
ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Радиодрама тургиядағы жанрлық белгілер мен шарттылықтар.....19
2. Жанрдың негізгі және қосалқы бейнелеуші құралдары.....37
3. Радиодрама тургияның публицистикалық жанрлармен сабақтастығы.....58

### II ТАРАУ

ҚАЗАҚ РАДИОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ  
НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛЫ

1. Театр сахнасынан трансляцияланатын спектакльдер.....76
2. Көркем шығармалар негізінде жасалатын радиоинсценировкалар.....89
3. Эфир заңына сәйкес жасалатын түрліше радиоспектакльдер.....110

ҚОРЫТЫНДЫ.....138

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ЖӘНЕ ОҚЫЛҒАН

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....146-160

## ҒЫЛЫМИ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Көпбаев, Темірғали Мұратбекұлы.** Қазақ радиодрама тургиясының табиғаты мен ұлттық сипаты : Филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. / ғылыми жетекшісі Н. О. Омашев; әл-Фараби атын. ҚазМУУ ; Алматы. – Алматы, 1998. – 160 б.



**Көпбаев, Т. М. Қазақ радиодраматургиясы** : монография / Т. М. Көпбаев. – Алматы : Қазығұрт, 2007. – 159, [1] б.

Монографияның басты ерекшелігі – радиодраматургия әртүрлі бағыттарда, тарих, әдебиеттану, өнертану, эстетика, лингвистика, психология және әлеуметтану ғылымдарымен ұштастыра зерттеген.

Радиодағы дыбыс өнерінің қыры мен сырын ғылыми негізде зерделеген бұл еңбек телеарналар мен радиоарналар жүргізушілері мен тілшілері үшін, сондай-ақ республиканың жоғарғы оқу орындарындағы журналистика мамандығы бойынша білім алатын студенттерге керек құрал.




## ҒАЛЫМНЫҢ БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН АЛҒАШҚЫ МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ


- ❖ Көпбаев, Т. INTERNET – тегі ақпарат алмасу еркіндігі хақында / Т. Көпбаев // ҚазМУ хабаршысы. Журн. сер. – 1999. – № 7. – 82-84 б.
- ❖ Көпбаев, Т. Бір радиоқойылымның сыры туралы / Т. Көпбаев. – // ҚазМУ хабаршысы. Журналистика Сер. – 1997. – № 1. – 98-103 б.
- ❖ Көпбаев, Т. Жақсының жақсылынын айт : Журналистика факультетінің деканы Н. Омашұлы туралы үзік сыр / Т. Көпбаев // Қазақ ун-ті. – 1999. – № 11, желтоқсан.
- ❖ Көпбаев, Т. Қазақ радиосы әдеби-драмалық хабарларының пайда болуы / Т. Көпбаев // ҚазМУ хабаршысы. Журналистика сер. – 1998. - №2. – 45-48 б.
- ❖ Көпбаев, Т. Қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері мен проблемалары / Т. Көпбаев // ҚазМУ хабаршысы. Ақпарат сер. – 2000. – № 1 (4). – 91-94 б.
- ❖ Көпбаев, Т. Радиодраматургия. Тілдік ерекшеліктер мен сөз қолданыстары / Т. Көпбаев // ҚазМУ хабаршысы. Журналистика сер.– 1998. – № 2. – 71-73 б.
- ❖ Көпбаев, Т. Радиодраматургияның публицистикалық жанрларымен сабақтастығы / Т. Көпбаев // ҚазМУ хабаршысы. Журналистика сер. – 1998. – № 3. – 75-81 б.



## Ақынның жыр жинақтары



**Көпбаев, Т. М. Көзмоншак** : өлеңдер жинағы / Т. М. Көпбаев. – Алматы : Қазақ ун-ті, 1998. – 126, [2] б.



«Көзмоншак» жыр жинағы талантты ақын Т. Көпбаевтың әр жылдарда республикалық басылымдарда жарияланған өлеңдерінен құралған. Ақынның поэзиясына тән терең ойлылық оқырманды да сөз өнерінің сұлу көшіне жолықтырады.




**Бекзат** : фотоальбом / [құраст. Т. Көпбаев, Е. Айнабеков]. – Алматы : Қазығұрт, 2006. – 247, [1] б.

**Бекзат Сейілханұлы Сагтарханов** (4.04.1980-31.12.2000ж.ж.)

- ✓ Қазақстандық боксшы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері.
- ✓ 2000 жылы өткен Сидней Олимпиадасының жартылай жеңіл салмақ
- ✓ бойынша чемпионы (57 кг дейін).
- ✓ I дәрежелі «Барыс» орденінің бірінші иегері туралы өмірбаяны, жетістіктері, суреттері қойылған.






**Көпбаев, Т. М. Жаңғырық** : жырлар / Т. М. Көпбаев. – Алматы : Қазығұрт, 2007. – 205, [3] б.

«Жаңғырық» – талантты ақынның екінші жыр жинағы. Кітап «Тіршілік сыры», «Табиғат жыры», «Сезім гүлі», «Рухтар тірі» атты төрт бөлімнен тұрады. Ақынның өлеңдеріндегі орамды ой, нәзік сезім иірімдері жүрек қылын шертіп, көңілде ұялап қалатындай бейнелі тілмен өрілген.





**Көпбаев, Т. М.** Кие : өлеңдер жинағы / Т. М. Көпбаев. – Алматы : Жазушы, 2009. – 268, [3] б.

«Кие» жинағына соңғы жылдар бедерінде жазылған жаңа жырлары мен поэмалары енгізілген. Ақын өлеңдеріндегі көркемдік әдістердің сан алуандығы, терең ойға жетелейтін астарлы мәннің молдығы, жүректі шымырлатып қана айтатын сезім шынайылығы өз оқырманын ынтықтыра түсері хақ.



**Көпбаев, Т. М. Қарапайым пайымдар** : естеліктер, эсселер, мақалалар / Т. Көпбаев. – Алматы : Ой-Сана, 2012. – 387, [1] б.

Ақын, журналистің бұл кітабында өмір жолында өз көзімен көріп, жүрегінен өткізген көптеген жайттар автордың көкірек таразысымен безбенделеді. Естелік, эссе жанрында жазылған мақалалардан тұратын жинақта Қ. Мырза Әлидің, Т. Молдағалиевтің, Ш. Мұртазаның, т. б. аса көрнекті ақын-жазушыларымыз бен қайраткерлеріміздің азаматтық болмыс-бітімі кеңінен сипатталады. Тәуелсіздік тұсында ұлтымыздың рухын көтеру мәселесіне байланысты қаламгердің ой-толғамдары мен шынайы сырлары танымдық тұрғыдан алғанда берері көп дүниелер.

Кітап көпшілік қауымға арналған.







**Көпбаев, Т. М. Аңсар** : таңдамалы туындылар / Т. Көпбаев. – Алматы : Қазығұрт, 2012. – 359 б.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, талантты ақынның бұл жинағына оның таңдамалы туындылары топтастырылған. Қарымды қаламгердің тегеурінді жырлары мен дастандары терең ой мен кестелі сөздің көркемдік бірлігін, көңіл сыры мен жүрек шерінің шынайы үйлесімділігін айқын танытады. Кітап жыр сүйер қауымға арналады.

## КӨПБАЕВ ТЕМІРҒАЛИ ТУРАЛЫ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР ТІЗІМІ

- ❖ **Аман-есен оралшы. Жолың** болсын жолаушы! Т. Көпбаев // Қазақ университеті. – 1998. – № 9, желтоқсан. – 7 б.
- ❖ **Елгондинова З.** Мен Жұматайды «Ләйләсімен» бірге жақсы көрдім : З. Елгондиновамен / З. Елгондинова // Түркістан. – 2005. – 22 желтоқсан.
- ❖ **Әмірбекұлы, С.** Қара өлеңмен қайраған ер жігерін / С. Әмірбекұлы // Айқын апта. – 2010. – 1 сәуір. – 25 б.
- ❖ **Сапарбай, И.** Нар қомына артқан жүк : ақын Темірғали Көпбаевтың «Кие» поэмасы хақында / И. Сапарбай // Ана тілі. – 2010. – 30 желтоқсан. – 8 б.
- ❖ **Тұрымбет, Е.** ҚазҰУ-дің қос ақыны жыр жинақтарын таныстырды / Е. Тұрымбет // Алматы ақшамы. – 2012. – 20 қазан.
- ❖ **Шайхыұлы, Е.** Аңсары биік ақын : Темірғали Көпбаевтың жыр жинақтарын оқығаннан кейінгі ой / Е. Шайхыұлы // Айқын. – 2012. – 11 ақпан. – 5 б.
- ❖ **Темірғали Көпбаев** // Ұлт сазгерлері ұшқан ұя : әл-Фараби атын. ҚазҰУ мен журн. фак. 80 жылдық мерейтойына арналады / [құраст. С. Медеубекұлы ; безендірген Қ. Мұбарак] ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы, 2014. – 148 б.
- ❖ **Иманбаева, Г.** Темірғали Көпбаев лирикасы жайлы бірер сөз / Г. Иманбаева // «Қазіргі әдебиеттанудың жаңа бағыттары» = «Новые направления современного литературоведения» : II Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 20 ақпан, 2015 ж. = материалы II Республиканской научно-практической конференции. / ред. алқа: Р. М. Әбдіқұлова, А. Темірболат, А. А. Оспанова. – Алматы : Қазақ университеті, 2015. – 152-157 б.
- ❖ **Нұрмұхан, А.** Баспа ісінде жүйелі саясат жоқ / А. Нұрмұхан // Айқын. – 2015. – 30 қазан.
- ❖ **Бүгінгі жазушы қандай** жазушы? / әзірлеген Ә. Саматұлы // Таң-шолпан. – 2017. – № 1. – 120-144 б.
- ❖ **Рамазан, А.** «Қазақ баспа ісі : өткені мен бүгіні» / А. Рамазан // Qazaq úniversiteti. – 2019. – 12 қараша.
- ❖ **Ералы, Е.** Тағылымы мол төрттағандар / Е. Ералы // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 7 ақпан.
- ❖ **Козыбаев, Сагымбай Кабашевич.** Журналистика Қазақстана : энциклопедия / С. К. Козыбаев. – Алматы : Экономика, 2006. – 531, [1] с. – (Отечественная журналистика).








## БАСПАҒЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

- 2001 жылдан бастап көрнекті ақын-жазушылар мен ғалымдардың көптомдықтарын шығаруға бағытталған Алматы қаласындағы «Қазығұрт» баспасының президенті. «Қазығұрт» баспасы қызметінің басты бағыты аса көрнекті ақын-жазушылардың көптомдықтарын жарыққа шығаруда көп үлес қосты.
- Бұл бағытта баспа өзі тіркелген уақыттан бастап көптеген игілікті шаралар атқарды. Халқымызға кеңінен танымал қаламгерлердің әдеби мұраларын «Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері», «Президент сыйлығының иегерлері», «Ұстаздар кітапханасы» серияларымен оқырман қауымға жеткізді. Атап айтқанда Қ. Мырза Әли, Т. Молдағалиев, Ш. Мұртаза, Ә. Нұршайықов, Қ. Жұмаділов, М. Әлімбаев, К. Смайылов, Р. Бердібай, Ұ. Есдәулет, С. Қирабаев, А. Әшімұлы, М. Байғұт т. б. көптомдықтары жарыққа шықты.
- «Қазығұрт» баспасы 2003 жылдан бастап Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен әлеуметтік-маңызды әдебиет түрлерін шығарып келеді. Мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген көптомдықтардың арасында С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Т. Рысқұлов, Х. Ерғалиев, Д. Әбілев, Т. Әбдірахманқызы, О. Әубәкіров, Ғ. Орманов, М. Айтхожа, А. Сүлейменов, Ғ. Қайырбеков, Ш. Елеукенов, Т. Кәкішев, Н. Ораз, С. Жүнісов т. б. мұраларын атап айтуға болады.
- «Қазығұрт» баспасы сапалы шығарған кітаптары үшін Мәдениет және ақпарат министрлігінің арнаулы дипломдарымен бірнеше рет марапатталды.
- 2007 жылы «Жылдың ең үздік кітабы» республикалық байқауында бірінші орын алды. Баспа Германияда, Ресейде, Түркіменстанда және Алматыда өткен кітап жәрмеңкелеріне қатысты.
- Бүгінгі күнде «Қазығұрт» баспасы көптомдықтар шығаратын негізгі баспа ретінде республика жұртшылығына кеңінен танымал. 2002 жылы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлидің көптомдық шығармалар жинағын үлгілі етіп шығарғандығы үшін «Қазығұрт» баспасының президенті Т. Көпбаев Халықаралық «Ұлы Жібек Жолы» қоғамдық Қоры тағайындаған Халықаралық «Азамат» сыйлығының лауреаты атанды.



Бүгінгі күнде «Қазығұрт» баспасы көптомдықтар шығаратын негізгі баспа ретінде республика жұртшылығына кеңінен танымал. 2002 жылы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлидің көптомдық шығармалар жинағын үлгілі етіп шығарғандығы үшін «Қазығұрт» баспасының президенті Т. Көпбаев Халықаралық «Ұлы Жібек Жолы» қоғамдық Қоры тағайындаған Халықаралық «Азамат» сыйлығының лауреаты атанды.

Бізді таныстырған да,  
табыстырған да – поэзия



Назарларыңызға рақмет!

